




Тақырыбы: Естің жалпы сипаттамасы. Ойлау. Тілдің пайда болуы мен дамуы. Сөйлеу және тіл.


Орындаған: Муканова Айдана Рх 1301

Тексерген: Лиясова.А.А

Жоспар:

1. Ес туралы жалпы сипаттама, және онын тірлері.
 2. Ойлау, жалпы түсінік.
 3. Тілдің пайда болуы.
 4. Сөйлеу және тіл.
- 

Ес жөнінде түсінік



□ Өткен тәжірибемізден қалған іздерді жадымызда қалдырып, сақтап, кейін бұрын білгендерімізді жойып алмастан, оларды қайта танып, жаңғыртумен ақпарат топтауымыз **ес деп аталады**.

□ Сонымен ес - бір-бірімен ұштасқан дара бөлектерден құралған күрделі психикалық

процесс. Ес адамға өте қажет жан құбылысы. Оның арқасында субъекті жеке басының

өмірлік тәжірибесін сақнақтап, сақтап, соңғы пайдасына жаратады.

- Алғашқы кездегі ес зерттеулері көбіне саналы іс-әрекетпен байланыстырылды, ал

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында ғылыми іздену шеңбері кеңейе түсті, енді талдау аймағына

есте сақтаудың жалпы табиғи, адамға да, жануарға да бірдей механизмдері алынды. Бұл

тұрғыдан зерттеу жүргізген америкалық психолог Торндайк жануарлардағы дағдылардың

қалыптасу заңдылықтарын ашып берді. Бұл үшін ол жануарларды лабиринтте жол табуға

жаттықтырып, одан қалыптасатын дағдылардың бірізді беку процесін

байқастырды. XX ғ. алғашқы он жылдығында ес процесін зерттеу жаңа ғылыми формаға еніп, ол И. П. Павлов ашқан шартты рефлекс әдісімен байланысты болды.

Есте қалдыруға ықпал жасаушы жаңа шартты байланыстардың пайда болуы мен олар-

дың сақталу жолдары осы И. П. Павлов жаңалығына орай белгіленді. Бұл кезеңге дейінгі


психологиялық зерттеулер естің ең қарапайым процестерімен ғана шектелген еді.

- Естің жоғары формаларының жүйелі зерттелуі орыс ғалымы Л. С. Выготский есімімен байланысты. Ол 20-жылдар аяғында өз шәкірттерімен бірлікте естің жоғары формаларының дамуы жөніндегі мәселені қозғай отырып, олардың әлеуметтік негізге ие

психикалық іс-әрекеттің күрделі түрі екенін алғашқы рет дәлелдеді. Ұлы ғалымның ізбасарлары А. А. Смирнов және П. И. Зинченко естің саналы іс-әрекетпен

байланыстылығы жөніндегі жаңа, әрі мәнді заңдарын ашып, есте қалдырудың алға қойылған мақсатқа тәуелді болуының дәлелдеп-әрі күрделі материалды есте

Адам есі - біртекті қарапайым қызметтен құралмайтыны белгілі болып отыр. Оның құрамы сан - алуан. П. Линдсей мен Д. Норман естің бір-біріне ұқсамас **3 типі** болатынын алға тартады:



◆ **Сезімдік әсердің тікелей, нақты ізі.**

Бұл ес жүйесі біздің сезім мүшесіміз қабылдаған дүние көріністерін толық әрі дәл сақтауға жәрдем береді. Мұндай жолмен еске түскен қоршаған орта ақпараты есімізде өте қысқа мерзімге ғана орнығып, 0,1-0,5 сек. ішінде жойылып кетеді.

◆ **Қысқа мерзімді есте** жоғарыда баяндалған жүйедегіге қарағанда материал басқаша тұрақтайды. Бұл жағдайда есте қалған бейне сезімдік деңгейдегі толық көріністей

болмай, оқиғаның қандай да бір шағын баламасына сәйкес келеді. Мысалы, сізге қаратылған ақпарат оны құрайтын дыбыстар жүйесінде қабылданбай, біртұтас сөздер қалпында еске алынады. Әдетте, ұсынылған материалдың ең мәнді деген 3-4 бірлігі немесе кейінгі элементтері ғана қабылданады. Саналы, ерік күшін қосумен сол қабылданған сөздік материалды бірнеше рет қайталай отырып, оны есте біршама ұзақ мерзім сақтауға болады. Ал сезімдік есте нақты бейне қайталанбайды, ол секундке жетпей, жойылады да, ұзарта сақтауға келмейді.

◆ **Ұзақ мерзімді ес.** Баршаға белгілідей, осы мезетте болған оқиға мен атам заманда жүз берген тарихи жағдайларды есте сақтаудың арасында айтарлықтай өзгешелік бар. Осыдан, ұзақ мерзімді ес - жадта сақтау жүйесінің маңызды да әрі күрделі түрі.

Жоғарыда келтірілген 2 ес жүйесінің қамту аймағы өте шектелген: біріншісі - шағын уақытқа жұмыс істесе, екіншісі - материалдың кіші бір бөлігін ғана ұстап қалуға қабілетті.

Ал ұзақ мерзімді ес уақыты да, қамту көлемі де шексіз. Бірнеше минуттан артық сақталғанның бәрі ұзақ мерзімді еске кіреді.

Есте қалдыру және қайта жаңғырту үшін жұмсалатын әрекеттердің сипатына орай естің әр түрі келесі негізгі **үш өлшемге** сәйкес болуы шарт: 1) әрекеттегі басымдау болған психикалық белсенділіктің сипаты бойынша ес - **қозғалысты, сезімдік, бейнелі** және **сөз - логикалы** болып бөлінеді; 2) іс-әрекет мақсатына орай ес - **ырықты және ырықсыз** болуы мүмкін; 3) дүниелік іс-әрекеттегі рөлі мен орнына тәуелді жатталып, сақталу мерзімінің мөлшеріне байланысты - **қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және нақтықызыметтік** естер ажыратылады.


✓ **Қозғалысты ес** - әрқилы қимыл-қозғалыстар мен олардың бірлікті жүйесін есте қалдырып, сақтап және қайта жаңғырту. Кейбір адамдарда осы ес түрі басқаларынан гөрі басымдау келеді. Ондайлар, мысалы, музыкалы шығарманы дауыспен қайталай алмаса да, бимен көрсетуге шебер. Ал екінші біреулердің қозғалысты есі тіпті шабан. Бұл ес түрінің әрқандай еңбектің дағдыларын қалыптастыруда, балалардың жүру, жазу әрекеттерінің қалыпқа түсуінде және т.б. маңызы өте үлкен. Қозғалысты ес болмағанда, біз қажетті әрекет пен қимылдарымызды әрдайым жаңадан үйреніп баруымызға тура келер еді. Жақсы дамыған қозғалысты ес адамның әрекет еп-тілігінен, еңбектегі ұқыптылығы мен "бармағынан өнер тамғанынан" көрінеді.

✓ **Сезімдік ес.** Әдетте, қажеттеріміз бен қызығулары-мыздың, қоршаған ортамен қатынасымыздың қаншалықты тиімді не зиянды, ұнамды не жағымсыз орындалып жатқанын көңіл-күйімізбен танытамыз. Осыдан, көңіл-күй есі адам өмірі мен іс-әрекетінде өте үлкен маңызға ие. Басымыздан өтіп, есімізде сақталған сезімдер әрқашан бізді әрекетке ынталандырады немесе өткендегі жағымсыз әсерлерге тап келтірген оқиғалардан сақтандырады. Сізбен қатынасқан адамның көңілін аулау, оқыған кітабыңыздың кейіпкерімен қосылып, толғанысқа түсуіңіз осы сезімдік еске негізделген.

Бейнелі ес - елестерге, табиғат көріністеріне, сонымен бірге дыбыстар, дәмге негізделген жад іздері. Ол көру, есіту, сипай сезу, иістік және дәмдік болып бөлінеді. Егер көру, есіту естері әрбір жете дамыған адамның өмірлік бағыт-бағдарында қалыптасатын болса, онда сезімдік, иістік пен дәмдік естер адамның кәсіптік қасиеттеріне жатады. Сәйкес түйсіктер сияқты мұндай ес түрлері іс-әрекет шарттарына орай қарқынды дамып, кейде кемістігі болған ес түрлерінің орнын толықтыруда керемет деңгейлерге көтерілуі мүмкін, мысалы, соқырдың денесімен сезінуі, естігіштігі, ал кереңнің көргіштігі, иіскей, жанаса сезгіштігі т.б.

Сөздік-логикалы (мағыналы) ес мазмұнына біздің ой-өрісіміз кіреді. Ой тілсіз өрнектелмейді, сондықтан ой тек мағыналық ғана болмай, сөзді-логикалы болатыны осыдан. Біздің ойымыз әртүрлі тіл формаларымен берілетіндіктен, оны қайта жаңғырту материалдың тек негізгі мазмұнын жеткізумен не сөзбе-сөз қалтықсыз қайталануымен жүзеге асуы мүмкін. Егер кейінгі жағдайда жадқа алатынымыз мағыналық өңдеуге түспейтін болса, онда оның өзгеріссіз жадталуы логикалы емес, механикалық жаттауға айналады.

Ырықсыз не ырықты болудан ес дамуының бірізді, кезекпен келетін 2 деңгейі құралады. Адам өмір тәжіри-бесінің көбі ырықсыз ес жәрдемімен жинақталып, соның арқасында арнайы дайындықсыз-ақ қажетті болған тұр-мыстық біліктеріміздің қоры қалыптасады. Бірақ іс-әрекет барысында адамның өз іс-әрекеттерін басшылыққа алу қажеттігі де туындап қалады. Бұл жағдайда іске ырықты ес қосылады да, осыдан бізге керекті болған материалды алға ниет қып белгілеумен жаттаймыз немесе еске түсіреміз.



Нақты қызметтік ес адамның нақты іс-әрекет мезеті мен қажетіне орай қозғалыстар және қимылдарды орындауына байланысты іске қосылады. Қандай да бір күрделі әрекетті орындау үшін оны бөлшектеп алуымыз керек, кейін әрекеттің әр бөлігі бойынша нәтижеге келіп, екіншісіне өтеміз. Осы екі арадағы нәтиже сол мезеттегі қажеттігімен есімізде тұрады, ал ақырғы көзделген мақсатқа жақындаған сайын есіміздегі алдыңғы бөлік нәтижелері әрқайсысы өз кезегімен ұмытылып, естен шығып, келесі әрекет бөлігінің ақпаратына орын босатқандай болады. Орындалатын әрекет бөліктерінің көлемі мен аумағы әртүрлі, мысалы, балақай жеке әріпті қинала танудан бастаса, ересек адам, тіпті маман болса, кітап беті мазмұнын тұтастай қабылдауы мүмкін. Қызметтік естің жоғары деңгейде, нәтижелі болуы адамның ниетті жаттығуларына байланысты.

- ***Есте сақтау.*** Адам есінде қалдырғанды біршама уақыт аралығында есте сақтап тұру қабілетіне ие. Есте сақтау ес процесінің құрылымдық бөлігі ретінде өз заңдылықтарына бағынады. Есте сақтау динамикалық және статикалық түрде көрінуі мүмкін. Динамикалық есте сақтау мезетті қызметі есте орын иеленіп, ал статикалық - ұзақ мерзімді есте әрекет-ке келеді. Динамикалық есте сақтауда жатталған материал өзгеріске түсе бермейді, ал тұрақты есте, керісінше, қайта құрылып, өңделеді.

Ұзақ мерзімді есте сақталатын материал сырттан үздіксіз келіп жатқан жаңа ақпараттардың әсерінен ұдайы қайта жасалып жатады. Мұндай процесте естің жаңалануы әртүрлі формада өтуі мүмкін: есте сақталған материалдың кейбір бөліктері жойылады, бірінің орнына екіншісі келеді, материалдың орналасу кезегі өзгеріске түсіп, қажет бір жалпылыққа келтіріледі.

Ойлау



- Жантану ғылымында **ойлау** - бұл тұлғаның шындықты жалпылама және жанама бейнелеуге бағытталған танымдық әрекеті. Түйсік пен қабылдаудан бастау ала отырып, ойлау тікелей сезімдік біліктер аймағынан шығып, нақты қабылдаумен білуге мүмкін болмаған дүние құбылыстарын жанама қоры-тындылау арқылы біліп, танымдық шектерімізді кеңейтуде әрдемдеседі. Мысалы, айна сыртында ілулі тұрған термо-метрге қарап, күннің суықтығын байқаймыз. Бір нәрсе туралы ойлағанда біз әрқашан да ұғымға сүйенеміз. Ұғым дегеніміз – зат немесе құбылыстың жалпы, сондай-ақ мәнді қасиеттерін бейнелейтін ой.
- **Ұғым** - заттың бейнесі елестен ерекше. Мысалы, өзіміз тұратын үй жөніндегі түсінігімізде біз нақ сол үйді барлық ерекшеліктерімен (жаңа, қызыл кірпіштен, бес қабат) ойға келтіреміз. Ал: "Үй-адамның баспанасы" деп ойлайтын болсақ, біз белгілі бір үйді айтпай, кез келген үй, баспана жөнінде қорытылған ұғымды пайдаланамыз. Сондықтан ұғым елестен гөрі кеңірек келеді. Көрнекі бейнеде көз алдымызға елестете

алмайтындарымызды ұғым жәрдемімен өренектейміз. Мысалы, біз мың бұрышы бар геометриялық фигураны ойша көре алмаймыз, бірақ "мың бұрыш" деген ұғым бар, біз практикада мұндай фигураның болуы мүмкін екендігін мойындаймыз.

Талдау - бұл оймен бүтінді жіктеу немесе бүтіннен оның қырларын, әрекет не қатынас бірліктерін бөліп алу. Қарапайым формадағы талдау - әрқандай затты практикалық қажетікке орай құрама бөлшектерге ажырату. Мысалы, балаларды қандайда

өсімдікпен таныстыруда оның құрамын көрсетуден байқаймыз (тамыры, сабағы, жапырағы). Талдау тәжірибелік (ойлау - сөйлеу процесінде жүріп жатады) және ақылдық

(теориялық) болып бөлінеді. Егер талдау жоғарыда аталған ой операцияларына ұштаспаса онда ол қате, механис-тік сипат алады. Мұндай талдау элементтері жас балаларда көптеп кездеседі: бала ойыншығын тез бұзуға ғана шебер, оны құрастыру, бөлшектерін салыстырып, қандайда қоры-тынды шығару - сәбидің ойына да келмейді.

Біріктіру - бұл әрқилы бөлшектер, қасиеттер мен әрекет-қимылдарды тұтас бірлікке топтастыру. Біріктіру операциясы талдау әдістеріне қарама-қарсы. Бұл қызмет

барысында жеке заттар мен құбылыстар күрделі, бүтін құбылысқа қатысы бар бөлшек,

элементтер тобы ретінде қарастырылады. Әрдайым біріктіру бөліктердің қарадүрсін жиынтығын не қосындысын аңдатпайды. Мысалы, автокөліктің жүздеген бөлшектерін құрастырғандағы мақсат металл үйін-дісін шығару емес, пайдалы әрекетке келетін машина тұрғызу. Оттегі мен сутегін синтездей отырып жаңа сападағы зат - су алатынымыз баршаға мәлім. Ой процесіндегі талдау мен біріктіру әрекеттері оқу жұмысында аса үлкен маңызы бар. Бала жекелеп талдаумен әріптерді тануға қол

Салыстыру - бұл әрқандай заттар мен құбылыс-тардың не ойлардың бөліктері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды білуге бағышталған ой әрекеті. Күн-

делікті тұрмыстық салыстырулар бір затты екіншісіне беттес-тіру арқылы жеңіл-ақ орындалады. Кеңістіктегі өлшеу мен салмақты таразылау да осы салыстырудың көрінісі.

Салыс-тыру түрлері келесідей: 1) бір жақты (бір белгісі бойынша, толық болмаған); 2) көптарапты (толық, барша белгілерін ескерумен); 3) үстірт және тереңдей; 4) тікелей және жанама. Салыстыру белгілі бір байланыс не қатынас бойынша жүргізілуі шарт (форма, түс-түр, салмақ, ұзындық немесе уақыт). Іс-әрекетті терең әрі дәл тану үшін аса

қажет ойлау қасиеті - бұл ұқсас әртүрлі заттардың айырмашылығын, өзара бөлек заттардың - ортақ, ұқсас тараптарын сезіне білу.

Дерексіздендіру - бұл зерттеліп жатқан нысанның қандайда бір белгісін бөліп алып, қалғандарын елемеу. Мысалы, біз көзге жағымды әсер еткен жасыл түсті ғана назарға ала отырып, ол түстес заттардың өзіне мән бере бермейміз. Бұл процестегі нысаннан бөліп қаралған түр-түс белгі заттың басқа қасиеттерінен оқшау қарастырылып,

ойлаудың дербес элементіне айналады. Дерексіздену, яғни бір сапаның заттық негізінен

бөлініп қаралуы талдау нәтижесінде жүзеге келеді. Дәл осы дерексіздендіру арқылы ұзындық, ендік, сандық, теңдік және құндылық т.б. түсініктері қалып-тасқан.

Дерексіздендіру - танылуға қажет нәрсенің ерекшелігі және оны зерттеуде қойылған мақсатқа тәуелді күрделі процесс. Аталған ойлау қызметінің жәрдемімен адам жалқы әрі

нақты заттың шеңберінде қалып қоймай, көп заттарға ортақ жалпы ұғым пайда етуге мүмкіндік алады. Сонымен олар абстракция сезімдік ақпаратқа негізделеді,

Тілдің пайда болуы және дамуы.



- **Тілдің шығуы** - адамзат қоғамының пайда болуымен байланысты, алғашқы адамдамың сөйлеу мүшелерімен дыбыстарды бірінен соң бірін ажырата айтуы арқылы қарым-қатынас қажеттілігінің етелуі. Тіл қоғамда пайда болды, оны дамытатын - қоғам, халық. Тілсіз қоғам, қоғамнан тыс тіл болмайды. Тілдің шығуы практикалық қызмет үстіндегі кернекі ойлаумен тығыз байланысты, өмір сүру үшін күрес, еңбек процесінде, практикалық мәселені шешу үстінде пайда болды. Дыбыстап сөйлеудің шығуына дыбыс шығару қабілеті тікелей әсер етті. Тілдік қарым-қатынастың пайда болуы қоғамдық сананың қалыптасуымен орайлас. Адамды адам еткен - тіл. Тілдің шығуы - адамның әлеум. тіршілік иесіне айналуының алғы шарты. Дыбыстап сөйлеудің пайда болуы адамға тән екінші сигнал жүйесін қалыптастырды (сөз тітіркендіргіш қызметін атқарды, реакция туғызды). Сөздің пайда болуы адамдар арасындағы қатынасты жетілдіріп, қоршаған орта құпиясын ашатын ойлаудың жаңа сатысын туғызды. Тілдің шығуы мен жекелеген тілдердің пайда болуын шатастыруға болмайды. Қазіргі кезде дүние жүзіндегі тілдің саны 5 мыңнан асады. Бірақ олардың бәрінің субстраты - біреу, ол - адамды қоршаған орта, міндеті де біреу, ол қарым-қатынас құралы қызметін атқару. Тілдің шығуы теориялық тұрғыдан алғанда, қазіргі адамның (*homo sapiens*) пайда болумен түспа-тұс келеді

▣ **Сөйлеу тілі** — күнделікті қарым-қатынаста пайдаланатын әдеби тілдің бір түрі. Сөйлеу тілі белгілі бір жағдайда ауызба-ауыз тікелей жалғанатын қатынас тілі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты болады. Ал ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді, яғни үйреншікті жағдайда адамдар емін-еркін сөйлейді. Сондықтан онда сөйлеу тақырыбына сай күнделікті тұрмыста жиі жұмсалатын дағдылы сөздер мен сөз тіркестері қолданылады. Сонымен бірге сөйлеу тілі жазбаша түрде де қолданылады деген пікір бар (жекелеген адамдардың хат жазысу, күнделік жүргізу т. б.). Сөйлеу тілі мен кітаби тіл арасындағы айырмашылықтар көптеген экстралингвистикалық факторлар (бейресми жағдайда, дайындықсыз өтуі, сөйлеуші және тыңдаушы жақтардың болуы т. б.) әсерінен туындайды. Өмірдің барлық саласында сөйлеу тілі кеңінен пайдаланылады, бірақ қарым-қатынас жағдайына байланысты оның атқаратын қызметі және тілдік құралдардың пайдаланылуы біртекті болып келмейді.





Сонымен бірге сөйлеу тілінде интонация, сөз екпіні, ым, дене қимылы үлкен қызмет атқарады. Ым мен дене қимылы сөйлеу үстінде белгілі бір нәрсенің көлемін, түрін т. б. бейнелеуді (мысалы, ұзындығы мынандай—дене қимылы—сала құлаш жылан көрдім), құптау, мақұлдауды (бас изеу), шақыруды (қол бұлғау), қорқытуды (қолын аузына апару) т. б. білдіре алады. Кітаби тіл секілді, сөйлеу тілінің қалыптасқан нормалары бар. Оның өзіндік ерекшеліктері тілдің барлық деңгейінде көрінеді. Дыбыс жүйесінде, мысалы, бір дыбыстың орнына басқа бір дыбыстың айтылуы (анаң қара), дыбыстарды түсіріп айту, (кеп-келіп, босын-болсын), дыбыстың созыңқылығы (ке-ре-мет!) т. б., морфологияда кейбір морфемалардың түсіріліп айтылуы (барам-барамын, барад- барады), синтаксисте сөздердің орын тәртібінің еркін болатындығы (Іштеме шығар ма екен осы көптен! F. M.) т. б. Сөйлеу тіліне тән белгілерді кездестіруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интернет ресурстары.
2. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. –Алматы., 1996.
3. 77. Лурия А. Язык и сознание. –М., 1979.
4. 78. Лурия А. Внимание и память. –М., 1975.

**Назар аударғаныңызға
рахмет!!!**

